

**Исанов Арман Серикгалиевичтің «8D04110 – Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 «Цифрлық трансформация жағдайында Қазақстанның банк секторын жаңғырту»
 тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша
 ПІКІРІ**

№ р/н	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертацияның тақырыбы келесідей ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» Бағдарламасы (2017–2025). – Астана, 2024.</p> <p>2) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі. Macroprudential Indicators - 2025 жылғы макропруденциалдық индикаторлар. – Алматы: ҚР ҰБ, 2024.</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі. Open API және SupTech-ті 2023–2025 жылдарға дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: ҚР ҰБ, 2023.</p> <p>4) «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017–2025). – Астана: ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, 2017.</p> <p>5) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі. ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2023 жылғы 29</p>

			желтоқсандағы № 82 қаулысы «Цифрлық теңге туралы». – Алматы: ҚР ҰБ, 2023.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, бұл банк секторын цифрлық трансформация жағдайында жана әдіснамалық тұрғыда қарастыруымен айқындалады. Зерттеуде банк жүйесі дәстүрлі делдал емес, цифрлық экожүйенің өзегі ретінде негізделіп, оның экономикалық рөлі кеңейтілген түрде түсіндіріледі. Бұл көзқарас қаржы институттарының қызметін институционалдық және технологиялық факторлармен байланыстыра талдауға мүмкіндік береді.</p> <p>Сонымен қатар, жұмыстың маңыздылығы цифрлық тәуекелдерді жүйелі жіктеу арқылы ашылады. Автор технологиялық, институционалдық және геосаяси тәуекелдердің өзара байланысын көрсетіп, олардың банк секторындағы тұрақтылыққа кешенді әсер ететінін негіздейді. Осы арқылы тұрақтылық ұғымы тек қаржылық көрсеткіштермен емес, кеңейтілген жүйелік параметрлермен бағаланады.</p> <p>Зерттеудің қолданбалы құндылығы сценарийлік болжам тәсілін пайдаланумен күшейтілген. Әртүрлі макроэкономикалық жағдайлар (инфляция, пайыздық мөлшерлеме, сыртқы тәуекелдер) ескерілген сценарийлер банк секторы көрсеткіштерінің өзгеру бағытын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде цифрландырудың әсері тұрақты емес, сыртқы ортаға тәуелді екені анықталады, бұл ретте тәуекелдерді басқаруда икемді тәсілдердің қажеттілігі дәлелденеді.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u>	Диссертациялық жұмыстың өзі жазылу деңгейі жоғары деп бағаланады. Зерттеуде мақсат пен міндеттер бірізді

		<p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>түрде тұжырымдалған, теориялық бөлім, талдамалық бөлім және ұсыныстар жүйесі өзара логикалық байланыста құрылған. Автордың дербес ғылыми ұстанымы банктік секторды цифрлық жаңғырту мазмұнын түсіндіруде, оның негізгі факторларын жүйелеуде және практикалық ұсынымдар әзірлеуде айқын көрінеді. Жұмыста пайдаланылған аналитикалық пайымдаулар, қорытындылар мен ұсыныстар ізденушінің жеке ғылыми ізденісінің нәтижесі ретінде қабылданады.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі толық негізделген. Зерттеу Қазақстан банк секторын цифрлық трансформация жағдайында қарастыра отырып, қазіргі макроэкономикалық тұрақсыздық, геосаяси тәуекелдер және цифрлық технологиялардың жедел дамуы аясындағы нақты ғылыми және практикалық қажеттіліктерге жауап береді. Автор цифрландырудың қаржы тұрақтылығына әсерін жүйелі түрде дәлелдеп, тақырыптың уақыт талабына сәйкестігін айқын көрсеткен.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Жұмыстың құрылымы банк секторын цифрлық жаңғырту үдерістерін теориялық, талдамалық және қолданбалы деңгейде бірізді түрде ашады. Әр бөлім тақырыптың жекелеген аспектілерін тереңдетіп, жалпы зерттеу логикасын сақтай отырып, мазмұндық тұтастықты қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді. Қойылған мақсат банк секторын цифрлық трансформация жағдайында жаңғырту бағыттарын негіздеуге бағытталған, ал міндеттер осы</p>

		<p>2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>мақсатты нақтылау арқылы теориялық талдау, тәуекелдерді бағалау, сценарийлік болжам жасау және практикалық ұсыныстар әзірлеу кезеңдерін қамтиды.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланысы жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері өзара толық логикалық байланысқан. Теориялық бөлімде ұсынылған тұжырымдар талдамалық бөлімде деректер арқылы дәлелденіп, кейінгі бөлімдерде сценарийлік бағалау мен практикалық ұсыныстарға ұласады. Мұндай құрылым зерттеудің ішкі бірізділігін және ғылыми тұтастығын қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген және сыни талдау арқылы бағаланған. Зерттеуде цифрлық тәуекелдерді жіктеу, банк секторын цифрлық экожүйе ретінде қарастыру және сценарийлік болжам тәсілін қолдану ұсынылған. Бұл шешімдер қолданыстағы ғылыми еңбектермен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен шектеулері көрсетілген, нәтижесінде ұсыныстардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәлелденген.</p>
5	Ғылыми жаңалық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған ережелер ішінара жаңа болып табылады. Олардың жаңалығы банк секторын цифрлық трансформация жағдайында дәстүрлі қаржылық жүйе ретінде емес, цифрлық-экожүйелік модель аясында қарастыруымен, сондай-ақ цифрлық тәуекелдерді жүйелеу және сценарийлік болжау тәсілдерін қолдануымен сипатталады. Сонымен бірге зерттеу қолданыстағы теориялық және қолданбалы еңбектерді дамыта отырып, оларды Қазақстанның банк секторына</p>

			бейімдеген. Осы тұрғыдан алғанда, нәтижелердің жаңалығы 25–75% аралығында деп бағалануы орынды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қорытындылары да ішінара жаңа сипатқа ие. Олар цифрлық трансформацияның банк секторының тұрақтылығына, тәуекелдер құрылымына және институционалдық дамуына ықпалын жинақтап, бұрынғы ғылыми тұжырымдарды кеңейтеді. Автордың қорытындылары тек теориялық пайымдаулармен шектелмей, нақты деректерді талдау және сценарийлік болжам нәтижелері арқылы негізделген. Сондықтан қорытындыларда ғылыми жаңалық бар, бірақ олар толықтай жаңа емес, қолданыстағы ғылыми бағыттарды дамыту сипатында көрінеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа және жеткілікті негізделген. Олардың қатарында банк секторын цифрлық жаңғыртуға арналған институционалдық тәсілдер, цифрлық тәуекелдерді басқарудың кеңейтілген жіктемесі, сценарийлік болжауға негізделген бағалау үлгілері және Open API, цифрлық теңге, Explainable AI, реттеуші «sandbox» сияқты құралдарды енгізу жөніндегі ұсыныстар бар. Бұл шешімдер халықаралық тәжірибе мен Қазақстан жағдайын салыстыра талдау негізінде әзірленген және практикалық қолдануға бағытталған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнер	Диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген және зерттеу логикасынан табиғи түрде туындайды. Теориялық тұжырымдар отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, ал эмпирикалық пайымдаулар Қазақстан Республикасының банк

		және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	секторына қатысты ресми статистикалық және талдамалық материалдарға сүйенеді. Зерттеу барысында банк активтері, несиелік портфель, депозиттік база, цифрлық сервистердің дамуы, төлем инфрақұрылымы және салалық тәуекелдер сияқты көрсеткіштер кешенді түрде қарастырылған. Соның нәтижесінде жасалған тұжырымдар декларативті сипатта емес, нақты талдау нәтижелерімен расталған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертация зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылатын 5 негізгі ережелері бар, олар төмендегідей жауаптарға ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әр қағидаты дәлелденген; - қағиاداتары тривиалды емес; - қағидаттар жаңа; - қағиاداتтардың қолдану деңгейі кең; - қағидаттары жарияланған мақалаларда толық және ішінара зерттелінген және дәлелденген.

		<p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8	Дәйектілік принципі: дереккөздер мен диссертация нәтижелерінің дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.</p>	Диссертацияда қолданылған әдіснамалық тәсілдер негізделген және жеткілікті деңгейде нақты сипатталған. Автор зерттеу логикасын айқын көрсетіп, талдау, бағалау және сценарийлік болжау әдістерін жүйелі түрде таңдаған, бұл жұмыстың ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етеді.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.</p>	Зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістер мен компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы алынған. Деректерді өңдеу, талдау және интерпретациялау барысында сандық тәсілдер мен сценарийлік модельдеу қолданылып, нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігі арттырылған.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар</p>	Ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер және анықталған өзара байланыстар эмпирикалық талдау және есептік нәтижелер арқылы расталған. Бұл

		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>диссертацияның ғылыми негізділігін және алынған қорытындылардың практикалық мәнін күшейтеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациядағы негізгі тұжырымдар отандық және шетелдік сенімді ғылыми дереккөздерге сүйене отырып дәлелденген. Автор әдебиеттерді орынды пайдаланып, зерттеу нәтижелерін ғылыми контексте негіздей алған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға жеткілікті және өзекті. Онда заманауи ғылыми еңбектер, халықаралық ұйымдардың есептері және нормативтік-құқықтық құжаттар қамтылған, бұл әдеби шолудың сапасын қамтамасыз етеді.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар және ол зерттеудің мазмұнынан нақты көрінеді. Жұмыста Қазақстанның банк секторы дәстүрлі қаржылық делдалдық жүйе ретінде емес, цифрлық-интеграцияланған қаржылық экожүйе ретінде қарастырылған, бұл оның ғылыми жаңалығын күшейтеді. Сонымен қатар автор банкті цифрлық-қаржылық экожүйе ретінде, цифрлық теңгені ақша айналысының жаңғыртылған қолма-қолсыз нысаны ретінде, ал Open API-ді ашық банкингтің институционалдық тетігі ретінде түсіндіретін нақтыланған ұғымдар жүйесін ұсынған. Зерттеуде цифрлық трансформация, макропруденциялық реттеу, ESG-индикаторлар және киберорнықтылық арасындағы өзара байланыстар</p>

			<p>ашылып, банк секторын бағалаудың кеңейтілген теориялық үлгісі қалыптастырылған.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) иә;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы жоғары, ал алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі нақты әрі негізделген. Зерттеуде 2013–2025 жылдардағы банк секторының активтері, несие портфелі, депозиттері, меншікті капиталы, пайдасы, АКТ шығындары, цифрлық технологияларға инвестициялар және АКТ мамандары саны негізінде экономикалық-математикалық модельдер құрылған. Осы база арқылы 2026–2030 жылдарға арналған реалистік, оптимистік және пессимистік сценарийлер бойынша пайда мен меншікті капиталдың болжамы жасалған, бұл нәтижелерді Ұлттық Банк пен коммерциялық банктер стратегиялық жоспарлау барысында пайдалана алады. Бұдан бөлек, зерттеуде Macroprudential Data Hub, SupTech, RegTech, Open API, цифрлық теңге, ESG-көрсеткіштер және киберқауіпсіздік бағыттары бойынша нақты институционалдық және басқарушылық ұсыныстар берілген. Яғни жұмыс нәтижелері реттеуші саясатты жетілдіруде, цифрлық тәуекелдерді басқаруда және банк секторын 2030 жылға дейін жаңғырту стратегияларын әзірлеуде қолданбалы мәнге ие.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және жүйелі түрде негізделген. Автор банк секторын цифрлық жаңғыртуға арналған кезең-кезеңімен іске асырылатын бағдарлама ұсынған, онда кибертұрақтылықты күшейту, цифрлық инвестициялардың тиімділігін бағалау, SupTech пен RegTech құралдарын енгізу, сондай-ақ ESG</p>

			<p>қағидаттарын қадағалау жүйесіне кіріктіру бағыттары қамтылған. Практикалық ұсыныстардың жаңалығы олардың тек жалпы сипатта берілмей, нақты жауапты субъектілермен, іске асыру мерзімдерімен, күтілетін нәтижелерімен және сценарийлік жағдайлармен байланыстырылып берілуінде. Мысалы, жұмыста шағын және орта банктерді цифрлық бейімдеуді қолдау, Explainable AI негізінде алгоритмдерді аудиттеу, Regulatory Sandbox 2.0 форматын кеңейту, Open API бойынша бірыңғай стандарттар әзірлеу және АКТ мамандарының санын арттыру арқылы адами капиталды күшейту секілді шешімдер ұсынылған. Осы тұрғыдан алғанда, практикалық ұсыныстар банк секторын цифрлық трансформация жағдайында басқарудың жаңа сапалы деңгейіне көшуге бағытталған толыққанды жаңа шешімдер ретінде бағаланады.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның жазылу және рәсімделу сапасы жоғары деңгейде орындалғаны бірден байқалады. Мәтін ғылыми стиль талаптарына сәйкес құрылғанымен, онда артық формализм жоқ, ой табиғи түрде өрбиді. Терминологиялық аппарат бірізді және орынды қолданылған, бұл әсіресе цифрлық трансформация мен банк секторына қатысты ұғымдарды түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар тараулар мен параграфтар арасындағы мазмұндық сабақтастық сақталған, әр бөлім алдыңғы пайымдауларды жалғастырып, зерттеу логикасын біртіндеп тереңдетеді. Кестелер мен аналитикалық қорытындылар тек иллюстрациялық элемент ретінде</p>

			<p>емес, дәлелдеу құралы ретінде қызмет етеді, яғни олар мәтінмен тығыз байланыста ұсынылған.</p> <p>Қорытынды бөлімдер жинақылықпен ерекшеленеді және зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде қорытындылайды. Жалпы алғанда, жұмыстың құрылымдық айқындығы мен тілдік нақтылығы оның ғылыми мазмұнын толық әрі дәл қабылдауға мүмкіндік береді, бұл диссертацияның сапалы орындалғанын көрсетеді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертация жалпы алғанда жоғары ғылыми деңгейде дайындалған. Сонымен бірге жұмыстың қолданбалы салмағын бұдан да күшейту үшін жекелеген бөлімдерде Қазақстан банктерін көлемі, нарықтық позициясы немесе цифрлық жетілу деңгейі бойынша топтастыра отырып салыстырмалы талдау беру орынды болар еді.</p> <p>Сондай-ақ ұсынылған кейбір практикалық шаралардың күтілетін экономикалық әсерін сандық сценарийлер арқылы тереңірек ашу жұмыстың нәтижелік бөлігін күшейте түсер еді.</p> <p>Алайда аталған ескертулер ұсынымдық сипатқа ие және диссертацияның жалпы оң бағасына әсер етпейді.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми еңбектері диссертацияның мазмұнымен және негізгі ғылыми бағыттарымен сәйкес келеді. Бұл жарияланымдарда Қазақстанның банк секторын цифрландыру, қаржылық тұрақтылық, инновациялық даму, цифрлық төлемдер және жаңғырту тетіктері мәселелері әр қырынан қарастырылған. Мұның өзі диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ғылыми</p>

	ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	апробациядан өткенін және зерттеу тақырыбының ғылыми ортада талқылауға ұсынылғанын көрсетеді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Исанов Арман Серикгалиевичтің «8D04110 – Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Цифрлық трансформация жағдайында Қазақстанның банк секторын жаңғырту» тақырыбындағы докторлық диссертациясы өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен, қорытындыларының негізділігімен ерекшеленеді және философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты ізденуші «8D04110 – Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**«Esil University» Бірінші
проректоры - академиялық
мәселелер жөніндегі
проректор,
экономика ғылымдарының
докторы, профессор**



Мақыш С.Б.

Мақыш С.Б. ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
Қызметкерлер басқармасының бастығы
Аманжол Аманжолбаев А.К.
20 ж.